


2-тақырып



# Салық және салық салудың құрылым негіздері

---

# САЛЫҚ САЛУ ҚАҒИДАЛАРЫ

ҚР салық заңнамасы салық салу принциптеріне негізделеді. ҚР салық салу жүйесінде *салық салу қағидаларын* екі топқа бөлеміз:

- 1. Классикалық (А.Смит)**
- 2. ҚР Салық Кодексі бойынша**

# Классикалық қағидалар (Адам Смит бойынша):

- *Әділеттілік* – салық әрбір төлеушінің табысына қарай салынуы тиіс;
- *Анықтылық* – салықтың мөлшері мен төленетін мерзімі алдын ала, әрі нақты белгіленуі тиіс;
- *Қолайлылық* – әрбір салық төлеуші үшін неғұрлым қолайлы уақытта, тиімді әдіспен салынуға тиіс;
- *Жалпылық* – өндіріп алынатын салықтың шығындары мейлінше аз болуға тиіс.

## ҚР Салық Кодексі бойынша:

- Міндеттілік
- Айқындылық
- Әділдік
- Салық заңнамасының жариялылығы
- Салық жүйесінің біртұтастылығы

## **ҚР Салық Кодексі бойынша: (жалғасы)**

- *Міндеттілік* – салық төлеуші салық міндеттемесін салық агенті салықтарды есептеу, ұстау және аудару жөніндегі міндетті ҚР-ның салық заңнамасына сәйкес толық көлемде және белгіленген мерзімде орындауға міндетті.
- *Айқындылық* – ҚР салықтары және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдері айқын болуға тиіс. Салық салудың айқындылығы салық төлеушінің салық міндеттемесі, салық агентінің салықтарды есептеу, ұстау және аудару жөніндегі міндеті туындауының, орындалуының және тоқтатылуының барлық негіздері мен тәртібінің ҚР салық заңнамасында белгіленуін білдіреді.

## **ҚР Салық Кодексі бойынша: (жалғасы)**

- *Әділдік* – ҚР салық салу жалпыға бірдей және міндетті болып табылады. Салық салудың әділдігі принципі:
  1. ҚР салық салу жалпыға бірдей және міндетті болып табылады.
  2. Жеке-дара сипаттағы салық жеңілдіктерін беруге тыйым салынады.
- *Салық заңнамасының жариялылығы* – Салық салу мәселелерін реттейтін нормативтік құқықтық актілер ресми басылымдарда міндетті түрде жариялануға жатады.

## **ҚР Салық Кодексі бойынша: (жалғасы)**

- *Салық жүйесінің біртұтастылығы – ҚР салық жүйесі ҚР бүкіл аумағында барлық салық төлеушілерге (салық агенттеріне) қатысты бірыңғай жүйе болып табылады.*

*\*\*\* ҚР салық заңнамасының ережелері ҚР Салық Кодексінде белгіленген салық салу принциптеріне қайшы келмеуге тиіс.*



# **САЛЫҚТАРДЫҢ СЫНЫПТАЛУЫ**

# Салықтардың сыныпталуы:

<b>1</b>	<i>Салық салу объектісіне қарай:</i>	<ul style="list-style-type: none"><li>- <i>Тікелей салықтар</i></li><li>- <i>Жанама салықтар</i></li></ul>
<b>2</b>	<i>Салық салу органына қарай:</i>	<ul style="list-style-type: none"><li>- <i>Жалпы мемлекеттік</i></li><li>- <i>Жергілікті</i></li></ul>
<b>3</b>	<i>Салық салу объектісін бағалау дәрежесіне қарай:</i>	<ul style="list-style-type: none"><li>- <i>Нақты салықтар</i></li><li>- <i>Дербес салықтар</i></li></ul>
<b>4</b>	<i>Пайдалану сипатына қарай:</i>	<ul style="list-style-type: none"><li>- <i>Жалпы салықтар</i></li><li>- <i>Арнайы салықтар</i></li></ul>
<b>5</b>	<i>Экономикалық ерекшелігіне байланысты:</i>	<ul style="list-style-type: none"><li>- <i>Табысқа салынатын салықтар</i></li><li>- <i>Тұтынуға салынатын салықтар</i></li></ul>

## Салық салу объектісіне қарай:

- *Тікелей салықтар* – тікелей табысқа немесе мүлікке салынады. Тікелей салықтарға КТС, ЖТС, жер салығы, көлік құралына салынатын салық және т.б жатады.
- *Жанама салықтарды* тұтынушы төлейді. Тауар немесе қызмет бағасына алдын ала салық енгізілгендіктен, іс жүзінде оны бюджетке сатушы аударады. Оларға ҚҚС, акциздер жатады.

## Салық салу объектісін бағалау дәрежесіне қарай:

- *Нақтылы салықтар* – салық төлеушінің салық салынатын объектісінің сыртқы белгісіне қарай салынады. Оған жер салығы, мүлік салығы жатады.
- *Дербес салықтар* – салық төлеушінің салық салынатын объектісінен алынатын табыс мөлшеріне байланысты салынады. Оған КТС, ЖТС жатады.

## Пайдалану сипатына қарай:

- *Жалпы салықтар* – бюджетке түскен соң жалпы мақсатта жұмсалады. Оған КТС, ҚҚС және т.б.
- *Арнайы салықтар* – бюджетке түскен соң алдын ала белгіленген нақты шараларға жұмсалады. Мысалы, көлік құралдарына салынатын салық жол қорын құруға жұмсалады.

## *Экономикалық ерекшелігіне байланысты:*

- *Табысқа салынатын салықтар* салық төлеушінің кез келген салық салынатын объектісінен түсетін табысынан алынады. Олардың санатына мына салықтар кіреді: табыс салығы, пайдаға салынатын салық.
- *Тұтынуға салынатын салықты* салық төлеуші тауар немесе қызмет құнын төлеген кезде төлейді. Оған ҚҚС пен акциздер жатады.